

Түлкібас ауданы бойынша елді-мекен аумағының жер шаруашылық орналастыру жобасына сәйкес елді-мекен шекараларына өзгерістер енгізу туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 14/8-04 шешімі және Түлкібас ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 566 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 қаңтарда N 14-14-62 тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 13-тармақшасына, 31 бабы 1-тармағы 10-тармақшасына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12, 15 баптарына сәйкес және елді-мекен жерлерін жер шаруашылық орналастыру жобаларын дайындау жұмыстарын жүргізу бойынша комиссияның ұсынысын ескере отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**, аудандық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы Оңтүстік Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорнының дайындаған жобасына сәйкес 1-қосымша бойынша елді мекен шекараларына барлығы, 257,61 га. көлемінде өзгерістер енгізілсін.

2. Поселке, ауылдық округтарының елді-мекендерінің шекаралары өзгертілген жер учаскелерінің карталары бекітілсін.

3. Түлкібас ауданының жер қатынастары бөлімі мемлекеттік мекемесіне жер есебі тепе-теңдік құжаттарына өзгерістер енгізу тапсырылсын.

4. Осы бірлескен қаулы және шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Түлкібас ауданының әкімі **Е.Сарманов**

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы **Ж.Қарабалаев**

Аудандық мәслихаттың хатшысы **С.Қалдықозов**

Түлкібас ауданы әкімдігі және аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 14/8-04 бірлескен шешіміне 1-қосымша

Поселке, ауылдық округтер бойынша елді-мекендердің шекаралары өзгертілетін жер телімдерінің көлемі

N	Ауылдық, поселке округтердің және елді-мекендердің атауы	Жер көлемі га.	Демографиялық өсу бойынша қажетті жер көлемі, га.
1	Ақбиік ауыл округі	6,49	

	Ақбиік ауылы	6,49	
2	Балықты ауыл округі	12,59	
	1) Балықты ауылы	2,58	
	2) Ұрбұлақ ауылы	1,21	
	3) Шарафкент ауылы	8,8	
3	Майлыкент ауыл округі	6,93	
	1) Дауан ауылы	0,9	
	2) Бақыбек ауылы	6,03	
4	Жаскешу ауыл округі	58,1	
	1) Жазықкешу ауылы	17,36	
	2) Тұрар ауылы	29,54	
	3) Жанұзақ ауылы	3,6	
	4) Пістелі ауылы	7,6	
5	5) Жабағылы ауылы	3,9	
6	Келтемашат ауыл округі	50,18	
	1) Даубаба-1	6,23	
	2) Төрткөл	3,85	
	3) Жиенбай	9Д	
	4) Кершетас	31,0	
7	Кемербастау ауыл округі	34,6	
	1) Кемербастау	13,0	
	2) Алғабас	10,0	
	3) М.Жәрімбетова	11,6	
8	Машат ауыл округі	28,13	
	1) Мыңбай	13,78	
	2) Машат	14,35	
9	Рысқұлов ауыл округі	19,2	
	1) Азаттық	8,51	16
	2) Шұқырбұлақ	6,11	17
	Тастұмсық	4,58	
10	Шақпақ баба ауылы	5,0	
11	Тастұмсық ауылы	8,95	
12	Састөбе поселкесі	17,08	
13	Түлкібас поселкесі	6,46	41
	Барлығы:	257,61	